



«Bal-Aiut» бөбекжай-бақшасы

АРМЫСЫҢ- ӨЗ, НАУРЫЗ!

Тәрбиешілер: Ә.Әбуова

Н.Иманғали

2024-2025оқу жылы

Армысың- Әз,Наурыз!

Тәрбиеші:

Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!
Босқа қарап тұрмаңыздар.
Наурыз тойы басталды,
Қызықтан тыс қалмаңыздар.
Жиналындар алаңға,
Салт – дәстүрмен жараса.
Қайта құрып жаңаша,
Той тойлайық тамаша.

Әуен ырғағымен балалар залға кіреді.

Тәрбиеші:

Балалар, бүгінгі Наурыз мерекесі құтты болсын! Осы мерекеде ата мен әженің үйіне қонаққа келдік, қане бәрімізамандасайық.

Балалар: Сәлеметсіздер ме, ата- әже және қонақтар!

Ата: Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Әже: Қош келдіңдер, құлындарым! Наурыз мерекесі құтты болсын! Айналайын , балаларым сендерді бүгінгі Ұлыстың Ұлы күнінде арнайы қонаққа шақырдым! Сендерге «**Бесікке салу**» рәсімін көрсетпекшімін. Ең кенже баламның баласын бесікке салғызамын. Бүгін құдағиым келді, сендер айналайын

құлындарым тойды бастай беріндер, қонақтар
демалып қызықтап отырсын.

Тәрбиеші:

Балалар, бүгін біз қазақтың өте әдемі салт-
дәстүрлерінің бірі – “Бесікке салу” рәсімімен
танысамыз. Бұл — дүниеге келген нәрестені алғаш
рет бесікке бөлейтін қуанышты күн.

**(Қазақтың күйлері немесе бесік жыры әуен болып
ойнап тұрады)**

Әже:

(Әже киімінде шығып, бесікті даярлайды)

– Қарақтарым, бүгін немеремізді бесікке саламыз. Бұл
– ата-бабамыздан келе жатқан игі дәстүр. Бесіктің
ішінде нәресте тыныш, ұйқысы тыныш болады.

Ана:

(Қуанып шығып)

– Балалар, менің қуанышым – баламды бесікке
бөлейміз. Бірге тілек айтып, ән айтайық!

Мысалы:

«Әлди, әлди, ақ бөпем,

Ақ бесікке жат бөпем.

Жылама, бөпем, жылама,

Жөргегінді сыйлаған...»

(Әже бесікке бөлеу рәсімін көрсетеді.)

Тәрбиеші:

– Бесіктің астына тәтті, асық, тиын саламыз. Бұл – бала тәтті, пысық, бай болсын деген ниет.

Тәрбиеші: Құрметті ата- әже, қонақтар Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Ата, әже наурыз айының бізге келіп жетер уақытыда болды. Ол өзі дүниені құлпыртып жылына бір-ақ рет келеді.

Шуақ болып төгілер,

Жерге гүл болып егілер.

Наурыз тойын күтуде,

Кіп-кішкентай балалар.

Наурыз айында күн мен түн теңеледі. Күн ұзарып, түн қысқарады. Ұйқыларың қанбай жылап жүрмеңдер, балалар.

Тәрбиеші:

Салтанатты сәніміз,

Қызық думан құрамыз.

Ән салып жас- кәріміз,

Би билейік бәріміз.

Би «Қамажай» биі. (қыздар)

Ән : «Наурыз»

Би : «Қамшы» (ұлдар)

Тәрбиеші: Әже рахмет сіздерге балаларды халқымыздың салт-дәстүрімен таныстырғандарыңызға.

Балалар, наурыз мерекесінде айтындаршы қандай тағамдар дайындаймыз?

Балалар: Бешбармақ, жент, жеті шелпек, құрт, қымыз, айран, шұбат қоямыз.

Тәрбиеші: Әже «Наурыз көже қалай жасалады?»

Әже: 7 түрлі дәмнен жасалады. Оған: тары, бидай, құрт, айран, ет, тұз, су қосады.

Тәрбиеші: Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын.

Қайда барсақ жол болсын!

Осымен шағын ғана оқу іс-әрекетіміз аяқталды. Көріп тамашалағаныңызға көп-көп рахмет!